



**Усербаева
Альмира
Ануарбековна**

Жетысай қаласы

**№2 Ш.Уәлиханов
атындағы жалпы
орта мектеп**

**Бастауыш
сынып
мұғалімі**



Сабақтың тақырыбы:

Қосу және азайту

$26+7$; $33-7$.



Мақсаты :

Білімділігі: оқушыларға екі таңбалы сандарға бір таңбалы сандарды қосу және азайтуды үйрету;

Дамытушылығы: Екі амалмен шығарылатын есептер мен теңдеулер шығару дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық таным қабілеттерін дамыту

Тәрбиелілігі: халқымыздың әдет – ғұрпын сақтауға, адамгершілікке, тапқырлыққа, ұқыптылыққа, тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі

Сабаққа біз даярмыз,
Жалқаулықты қоямыз.
Үздік оқып әрқашан,
Кілең бестік аламыз.

1, 2, 3

Сынып іші тып-тыныш.
Жалқаулықты тастаймыз,
Сабақты біз бастаймыз.



Үй тапсырмасын сұрау

Есеп -3
116 - бет




Ребус шешу



,



,



Желтоқсанның 22-і
Сынып жұмысы
Қосу және азайту



1 - мысал

$$26+7=33$$

$$(26+4)+3=33$$

$$33-7=26$$

$$(33-3)-4=26$$

Математикалық ДИКТАНТ

$$(48+2)+3= 53$$

$$(53-3)-2= 48$$

$$(74+5)+4= 83$$

$$(83+5)+4= 92$$

$$(96-4)-5= 87$$

Сергіту сәті

Мынау – менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау – басым ақылды,
Бәрін осы басқарған.
Мынау – менің оң қолым,
Мынау – менің сол қолым,
Барлық істі басқарған.
Кел балалар, ойнайық,
Ойнайық та, ойлайық.
Қандай есеп болса да
Шешпей оны қоймайық.



Кім жүйрік?

$32-2=e$

$15-5=ң$

$14+5=e$

$13+4=т$

$85-4=д$

$28-8=у$

17

30

10

81

19

20

Т

Е

Ң

Д

Е

У

ҚЫЗЫҚТЫ ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР

Табақта 17 өрік,
Қолымда 3 өрік.
Қосқанда барлығын,
Болады неше өрік.



20



Маратта бар 28 іні,
Мұратта бар 12 іні,
Қоссақ 28 бен 12-ні,
Неше болды інісі?

40

Логикалық есеп

Стаканға, кесеге және шыны аяққа кофе, шырын, және шай құйылды.

Стақанға құйылған кофе емес, кесеге құйылған шырын да, кофе де емес. Ал шыны аяққа құйылған шырын емес. Ыдыстардың қайсысына не құйылды?





Үйге тапсырма:

№6 мысал

119 бет

